

ӘОЖ 253.78

СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ерік Ерсін
ersin_94_94@mail.ru

**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің 2
курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан**

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент **Ғ.М.Ақсейіт**

Спорт журналистикасында да жаңа технологиялардың, жаңа медианың орны бөлек. Әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан спорттық жарыстарды бақылау мен әр спортшының өмірі мен әрбір басқан қадамын қадағалап отыру спорт жанкүйері үшін қазір қолжетімді. Басқа салалармен салыстыра қарағанда интернет спорт әлеміне үлкен өзгеріс әкелді. Қазақстан спорт журналистері қауымдастығының хатшысы Нұрғазы Сасаев: «Интернет арқылы тың ақпаратты әр қилы құрылымда түрлендіріп таратуға болады. Атап айтқанда – мақала, сурет, кесте, аудиофайл, бейнефайл (видеофайл) түрлерінде... Яғни, қандай да бір ақпаратты мақала ретінде жазып қана емес, сол адамның өз дауысымен таратуға, оқырмандардың көзбе-көз тамашалауларына да (визуалды ақпарат жариялауға да) мүмкіндік бар. Яғни мультимедия мүмкіншіліктері мол» деп, интернеттегі спорт журналистикасының дамуы жайында жазғаны бар.

Әр саланың ішінде түрлі маман иелері қызмет атқарады. Елімізде жеке сала ретінде спорт журналистикасы осы күнге дейін оқытылмады. 2020 жылдан бастап Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультеті «Спорт журналистикасы» білім бағдарламасы бойынша мамандар даярлауды қолға алды.

ЕҰУ кәсіби спорт журналисін даярлайтын Қазақстандағы алғашқы жоғарғы оқу орны болып отыр. Журналистика және саясаттану факультетінің деканы Қайрат Сақтың айтуы бойынша, ел спортында өзіндік орны бар Қазақстандағы спорттық ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу жоспарда бар.

Білім бағдарламасы қабылданып, «Спорт журналистикасы» мамандығы 2020 жылғы оқу маусымында студенттерге есігін ашты. Бұл 4 жылдан кейін кәсіби спорт журналистері дайын болады деген сөз.

Бұл өте керемет бастама. Осыдан кейін спорт әлемінде жүрген журналистердің сапасы артып, бәсеке де болары анық.

Спорт журналистикасы жеке сала ретінде оқытыла бастағаннан кейін, бұл сала спорт комментаторларын да дайындайды. Комментаторлық қызмет – үлкен өнер. Бұл саланың тізгінін ұстаған маман жан-жақты әрі терең білімді болумен қатар сөзді тауып айту, қиыннан қиыстыру, көрерменді жетелеп отыру тәрізді шешендік қасиеттерге ие адам болуы керек.

Жалпы заман өзгерді. Жаңа медианың мүмкіндіктері ашылып жатыр. Осы күні *My Score*, *Flash Score* секілді қосымшалардың өзі комментаторлардың жұмысын біраз жеңілдетті. Кез келген спортшының, кез келген команданың статистикасын көруге болады. Статистикадан бөлек, жеке өмірі жайында да, тіпті туысқандарының өмірі жайында да ақпарат алу қиын емес. Кеше не істеді?, Ертең не істейді?, барлығын жаңа медианың көмегі арқылы біліп отырады. Одан бөлек, интернеттегі википедияның да пайдасы көбірек болып тұр. Бір спортшы туралы айту қажет болып қалса, интернетті ашып қарай салу қиын емес. Спортшы сұхбат берген кезде де, сол мезетте қазақ көрерменіне айтып жатқан сөздерін де қазақшалап аударып беруге де мүмкіндік бар. Онлайн аудармашы дәл осы сәтте комментатордың көмекшісі болады. Тағы бір өзгеріс ол жанкүйер мен спорт комментаторының арасындағы тығыз байланыс. Көрерменмен кез-келген уақытта тілдесіп, сөйлесіп, көпшіліктің ойын да біле алады. Трансляция барысында қателіктер болса көрермен бірден түзеп, пікір алмасып отырады. Комментатор жанкүйердің көңілінен шығатындай етіп жүргізуді мақсат етеді, сондықтан да жанкүйерлермен байланыс орнатып отыру заңдылық.

Қазіргі уақытта интернеттегі бұқаралық ақпарат құралдары көбейіп, кеңінен дамып жатыр. Осы күні интернет-журналистика дәстүрлі БАҚ-тың алдына шығып кеткені де жасырын емес. Оның ішінде спортқа арналған порталдар көбейіп жатыр. Орыс тілінде, мемлекеттік тілде, аралас та ақпарат тарататын порталдар бар. Бұл ретте соңғы 10 жыл көлемінде Қазақстанда тұрақты ақпарат таратып, күн сайын жаңарып отыратын екі спорттық интернет-портал жұмыс істеуде. Олар «*Sports.kz*» пен «*Vesti.kz*».

Қазіргі кезде «*Sports.kz*» порталы жарыстардың тікелей трансляциясын ұйымдастыру үшін көптеген спорттық клубтармен және федерациялармен тығыз байланыста жұмыс істейді, әріптестік орнатқан. Сонымен қатар онлайн-медианың жеке мобильді қосымшалары бар. Яғни *Android*, *iOS* қосымшасынан жүктеп алуға болады. Ал «*Vesti.kz*» порталы 2012 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Лондон Олимпиадасынан бастап, ақпараттық портал бірде-бір тоқтаған емес. Осы күні өзінің тұрақты оқырмандарын тапқан. Қазіргі кезде бұл порталдың қазақша нұсқасы да бар. «*Sports.kz*» порталынан басты айырмашылығы да сол, екі тілде ақпарат таратады. Одан бөлек, «*Vesti.kz*» әлемдік спорт туралы да жиі жазады. Әр жылдары сараптамалық, сұхбат жанрына құрылған бірнеше жобалар болды. «*Vesti.kz*» порталына жай күндері тәулігіне 40-50 мың адам кірсе, айтулы спорттық іс-шаралар өткенде бұл көрсеткіш ұлғаяды. Тіпті, 100 мыңнан асып жығылады. Ал Геннадий Головкин жекпе-жек өткізгенде бір күнде 150 мың оқырман сайттан ақпарат іздейді екен. Қазақстандағы БАҚ-тардың арасында Геннадий Головкин туралы ең көп жазатыны осы «*Vesti.kz*» порталы. Соңғы жылдары видеоконтентке көп көңіл бөліп келеді. *Youtube* арнайы каналы ашылған. Сонда танымал спортшылардан, менеджерлер, бапкерлерден сұхбат алып тұрады. Карантин кезінде онлайн-сұхбаттар ұйымдастырылды. Бұл порталдың әлеуметтік желілерде ресми аккаунттары бар. Мысалы, «*ВКонтакте*» (17 960 жазылушы), *Twitter* 46 000 жазылушы) *Facebook* (5 500 жазылушы), *Instagram* (27 900 жазылушы), *Youtube* (8 500 жазылушы), «*Одноклассники.ру*» (2 110 жазылушы). Сонымен қатар *Telegram*-да 1 309 оқырман

тіркелген. «Vesti.kz» порталында әрбір кәсіби спортшының жеке профилі бар. Мысалы, егер футболшы болса оның аты-жөні, туған жылы, жасы, соққан голы, ойнаған командасы көрсетілген.

Қазіргі спорттық журналистика саласында Интернет-БАҚ жетекші орындарға ие болып отыр деген қорытынды жасауға болады. Мұндай ресурстар оқырмандарға бірнеше артықшылықтар береді. Атап өтсек, коммуникация, жаңалықтар лентасының үнемі жаңаруы, мультимедиялық технологияларды белсенді қолдану және т.б.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <https://www.enu.kz/downloads/mart-2019/sport-zhurnalistika.pdf>
2. <https://olympic.kz/kk/article/13063>
3. «Комментатор күнделігі» Е.Мәулен
4. <https://abai.kz/post/38936>
5. Sports.kz және Vesti.kz сайттары